Товарищество с ограниченной ответственностью
«КазИнтерСервис-регион»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Адрес: г. Алматы, ул. Хаджи Мукана, 50-А, БИН 060740006341, тел. 8-727-267-35-08
Банковские реквизиты: ИИК KZ08549A1398R7084434 в АО «Qazaq Banki», БИК SENIKZKA

Исх.№ 82
Мерзімі: 19 маусым 2018 жыл

«Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ
Мекен-жайы: Қызылорда қ, Жалантос Бахадура к,2

«КазИнтерСервис-регион» ЖШС
Мекен-жайы: Алматы қ, Хаджи Мукана, к 50А
БИН 060740006341

2018 жылдың 18 сәуірінде "Қызылорда облысының мемелекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі, БИН 140440014725, заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ, БЕЙБАРЫС СУЛТАН, к. 1, мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурстық құжаттама және ашық конкурс тәсілі бойынша № 2532362-1 (әрі қарай – Конкурс) жарияланды, лоттар 17867669-ОК1, 17867695-ОК1, 17867626-ОК1 жалпы сомасы 15 268 749.99 теңге, ҚҚс есебінсіз биологии кабинетін мемлекеттік сатып алуға.

2018 жылдың 13 маусымында мемлекеттік сатып алу порталында қорытынды хаттамасы шығарылды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының (әрі қарай-Заң) 47 бабы 1 тармағына сәйкес Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, шағым жасауға құқылы.

Заңның 47 бабы 2 тармағына сай Тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттаманы орналастырған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, уәкілетті органға шағым жасалған жағдайда, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осыған орай Әлеуетті өнім берушінің Тапсырыс берушіге шағым беру уақыты 2018 жылдың 13 маусымында басталып, 20 маусымда аяқталады.

Хаттама қорытындысы бойынша Тапсырыс беруші «Казинтерсервис» ЖШС негізсіз жіберілмегенін хабарлайды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 3. Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуіне және оны ұсынуына қойылатын талаптар бөлігіндегі 16-тармағының 2)-тармақшасы 2-ші абзацына сәйкес **Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуды қоспағанда**, әлеуетті өнім берушілердің

конкурсқа қатысуға өтінімдерінде өндіруші зауыттан хаттардың, техникалық паспорттардың, өнімнің сәйкестік сертификаттарының көшірмелері, сатып алынатын тауарлардың үлгілері болуы туралы талапқа жол берілмейді. Бұл жердегі **Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуды қоспағанда,** тек лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді бөлек сатып алған жағдайда қолданылады, ал кабинеттерді жабдықтау барысында, Тапсырыс берушімен Әлеуетті өнім берушіге бұндай талап қоюға Заңға қайшы келеді.

Жоғарыда көрсетілгеннің негізінде, Конкурс қорытындысын қайта қарауды және «Казинтерсервис» ЖШС техникалық ерекшелігінің толық сәйкес келуіне байланысты конкурс жеңімпазы етіп тануды сұраймыз.

«Казинтерсервис-регион» ЖШС директоры **Тулепов Т.Т.**